

Бекітемін

М.Өтемісов атындағы БҚУ
басқарма төрағасының-ректордың
м.а., профессор



Н.Х.Серғалиев

2021 ж.

«Жан жылуы» инклюзивті білім беру орталығының 2021-2022 оқу жылына арналған жоспары

«Жан жылуы» инклюзивті білім беру орталығының мақсаты: университетте ерекше білімді қажет ететін студенттің оның жалпы мәдени құзіреттілігін болашақ маман ретінде тұлғасын дамытуды қамтамасыз ететін және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ЖОО оқу барысында оқу тәрбие жұмысында бейімделуге көмектесуге қолайлы орта құру, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу

Міндеттері:

- Ерекше білімді қажет ететін студенттерді сүйемелдеу үрдісіне қатысушылардың жақсы қарым-қатынас жасауына, студенттердің білім алу ортасына жақсы араласып, өзінің оқуына, қоршаған ортасына позитивті қарым-қатынас орнатуына жағдай қалыптастыру;
- Оқытушылардың білім беру үрдісінің барысында ЕБҚЕ студенттің жеке және спецификалық даму ерекшеліктерін ескеру;
- Студенттің қалыпты мінез-құлқын дамыту, қобалжуды, агрессиялық мінез-құлықты азайту және кәсіби дамуына ықпал ететін психологиялық-сауықтыру тренингтерін ұйымдастыру;
- ЕБҚЕ студенттерге білім алу үрдісіне бейімделуге көмек көрсету;
- ЕБҚЕ студенттермен жүргізілетін жұмысты анықтап, академиялық топтардың кураторларына психологиялық-ағартушылық көмек көрсету;
- Студенттердің интеллектуалдық белсенділігі мен шығармашылық дамуына қолдау көрсету;
- ЖОО студенттерінің қауымдастығының белсенді жұмысына қатыстыру.

Жүргізілетін жұмыстың түрі	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
Диагностикалық бағыт			
Ерекше білімді қажет ететін студенттердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау	Қыркүйек, 2021ж	Орталық үйлестірушісі	Сауалнама
Университет медицина қызметкерлерімен бірлесе отырып ерекше білімді қажет ететін студенттердің картасын жасау	Қыркүйек, 2021ж	Медбике, орталық үйлестірушісі	Студент картасы
ЖОО-да жалпы білім беру процесіне қосу кезінде талапкерлер мен ерекше білімді қажет ететін студенттердің бейімделу дәрежесін анықтау	Қыркүйек-қазан, 2021 ж	Орталық үйлестірушісі	Мониторинг, әңгімелесу
Ұйымдастырушылық-құқықтық, аналитикалық бағыт			
Ерекше білімді қажет ететін студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру	Қыркүйек 2021ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі, кураторлар	Жоспар, хаттама
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі инклюзивті білім беруді іске асыру кезіндегі қиындықтар мониторингі	Қыркүйек-қараша, 2021 ж	Орталық үйлестірушісі	Мониторинг, әңгімелесу
Инклюзивті білім беру проблемалары бойынша оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілу мониторингін жүргізу және қажетті әдебиеттерді сатып алуды ұйымдастыру	Қыркүйек 2021ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі, кітапхана	Кітап қоры
«Жан жылуы» инклюзивті білім беру орталығының бірінші жартыжылдық бойынша есебі	Желтоқсан, 2021ж	Орталық үйлестірушісі	есеп
«Жан жылуы» инклюзивті білім беру орталығының жылдық жұмысын талдау және есебі	Маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі	есеп
Ақпараттық, кеңес беру-ағартушылық бағдар			
Ерекше білімді қажет ететін студенттердің жеке ерекшеліктері туралы оқытушыларды хабардар ету	Қыркүйек – желтоқсан, 2021ж	Орталық үйлестірушісі	Ақпарат беру
Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің басқа ЖОО орталықтарымен желілік өзара байланысын қамтамасыз ету	Қыркүйек 2021ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі	ЖОО байланыс
Студенттермен, университеттің профессор-оқытушылар құрамымен тығыз байланыс жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек 2021ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі	Кеңес беру
Әдістемелік бағыт			
Университетішілік, облыстық, республикалық конференцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді, көрмелерді және инклюзивті білім	Жоспар бойынша	Орталық үйлестірушісі	Бағдарлама

беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;			
Тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік, республикалық, облыстық семинар, конференция, дөңгелек үстелдерге қатысу, облыстық, қалалық арнайы (түзету) мектеп мамандарымен байланыс орнату	Қазан 2021ж-маусым 2022ж	Орталық үйлестірушісі	Тәжірибе алмасу
ЖОО-да толерантты әлеуметтік-мәдени ортаны құру	Қыркүйек 2021 ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі	Акциялар
Университетке түлектерді тарту мәселелері бойынша ЖОО-ның арнайы білім беру ұйымдарымен өзара байланысын ұйымдастыру	Қаңтар-мамыр, 2022ж	Орталық үйлестірушісі	Ақпарат беру
Студенттер мен магистранттардың инклюзивті білім беру бойынша ғылыми жұмыстарына көмек беруді ұйымдастыру	Қыркүйек 2021ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі	Кеңестер, мақала
Ерекше білімді қажет ететін студенттер үшін аудио, видео, тактильді және электронды форматта оқу-әдістемелік материалдарды бейімдеу.	Қыркүйек-желтоқсан, 2021 ж	Орталық үйлестірушісі	Оқу-әдістемелік материалдар
«Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға қашықтан білім беру технологияларын қолдану» тақырыбында семинар	Наурыз, 2022ж	Орталық үйлестірушісі	Бағдарлама
«Кедергісіз ортаны» құру бағыты			
Оқу ғимараттарында «кедергісіз ортаны» қалыптастыру, кіру жолдарының және ғимарат ішіндегі орын ауыстыру жолдарының қолжетімділігін ұйымдастыру (арнайы техника, көтергіш пандус, шақыру түймесі және т.б.).	Қыркүйек 2021ж-маусым 2022 ж	Шаруашылық бөлімі, орталық үйлестірушісі	Кедергісіз орта
Қашықтан оқыту нысандары мен құралдарын енгізу және дамыту	Қыркүйек 2021ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі, ҚО бөлімі, оқытушылар	Ақпарат беру
Ағымдық және қорытынды бағалау кезінде ерекше білімді қажет ететін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруді ұйымдастыру (емтихан формаларын өзгерту, т.б.)	Желтоқсан 2021ж, Мамыр 2022ж	Орталық үйлестірушісі	Емтихан формаларының өзгеруі туралы қызметтік жазба
Әлеуметтік-дамытушылық бағыт			
Ерекше білімді қажет ететін студенттердің белсенді қоғамдық шараларға, волонтерлік қызметке қызығушылықтарын арттыру мақсатында түсінік жұмыстарын жүргізу, ЖОО-да өткізілетін іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру	Қыркүйек 2021ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі, оқытушылар	Фотоматериалдар
Бос уақытты тиімді өткізу мақсатында мәдени-тынығу орындарына	Қыркүйек 2021ж-	Орталық	Фотоматериалдар


саяхат, экскурсия ұйымдастыру (студенттердің Орал қаласындағы кітапханалар, театр, мұражайларға баруын ұйымдастыру).	маусым 2022 ж	үйлестірушісі, ерекше білімді қажет ететін студенттер	
«Артық білім кітапта» буккроссинг	Қыркүйек 2021 ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі, ерекше білімді қажет ететін студенттер	Буккроссинг
Ерекше білімді қажет ететін студенттермен танысу, тұлғалық өсу, қарым-қатынас, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру, стресстің алдын алу, I курс студенттеріне бейімделуге арналған тренингтер жүргізу.	Қыркүйек 2021 ж-маусым 2022 ж	Орталық үйлестірушісі, ерекше білімді қажет ететін студенттер	Хаттамалар

Құрастырған:

«Жан жылуы» инклюзивті білім беру орталығының үйлестірушісі:  А.Ж.Кенжеғалиева

Келісілген:

Педагогика факультетінің деканы  - Г. А. Ергалиева

Академиялық қызмет департаментінің директоры:  Г.С.Кайсағалиева